

З. Ельбаева^{1*}, З. Жумажанова²

¹Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²«Абай атындағы орта мектеп-гимназиясы» КММ, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: zari_0988@mail.ru

COVID-19 ПАНДЕМИЯ ЖАҒДАЙЫНДА МЕКТЕП САЯСАТЫН ЖОБАЛАУ

Мақалада коронавирус (COVID-19) пандемиясының орта білім беру жүйесіне теріс әсерін анықтау және оны төмендету мақсатында Қазақстандағы және әлем елдеріндегі пандемия кезеңіндегі мектеп саясатының даму үрдістеріне қысқаша шолу жасалып, салыстырмалы талдау жүргізілген. Сонымен қатар, мақалада COVID-19 пандемиясы кезінде мектеп саясатын тиімді жобалау үшін, пандемия кезіндегі Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамалық актілерге, бұйрықтар мен нұсқаулықтар мазмұнына талдау жасалған.

Зерттеу тақырыбына байланысты педагогика ғылымында жүйелі түрде жүргізілген отандық және шетелдік ғалымдар еңбектеріне шолу жасалынып, ғалымдар еңбегінен мысалдар келтірілген.

Нақты бір мектеп деңгейінде мектеп саясатын құрастыру кезінде сақталынуы тиіс негізгі талаптар айқындалған. Сонымен қоса, мектеп саясатын құрастыру, оған өзгеріс енгізу және оны жүзеге асырудың міндетті түрде сақталуы керек үш кезеңі, яғни, ұйымдастыру, түсіндіру, жүзеге асыру кезеңдері ұсынылған. Мектеп саясатының өзгерістерін талдау, мектептің академиялық (оқу саясаты), тәрбие және кадр саясаты бағыттарының көрсеткіштері негізінде талданған.

Қорытынды бөлімінде автор, COVID-19 пандемия кезінде мектеп саясатын құжат ретінде құрастыру, жаңарту және жүзеге асыруға бағытталған теориялық және практикалық нұсқаулықтар ұсынған.

Түйін сөзер: әлемдік білім беру саясаты, мемлекеттік білім беру саясаты, мектеп білім беру саясаты, жобалау, саясат.

Z. Yelbayeva^{1*}, Z. Zhumazhanova²

¹International Information Technology University, Kazakhstan, Almaty

²KSU «Abai Secondary school-gymnasium», Kazakhstan, Almaty

*e-mail: zari_0988@mail.ru

School policy design during the COVID-19 pandemic

The article provides a brief overview and comparison of school policy development trends during the pandemic in Kazakhstan. The relevance of the review is dictated by the need to identify problems and reduce the negative effects of the pandemic coronavirus (COVID-19). The partial or full transition to distance learning during the quarantine exposed many weaknesses in the education systems of the world, but at the same time provided new opportunities for their development. The researchers analyze the legislative acts, orders and instructions of the competent authorities of the Republic of Kazakhstan in the field of education, aimed at the effective and inclusive transformation of school activities.

On the topic of research an overview of the works of domestic and foreign scientists was conducted. The main requirements that should be taken into account when developing the educational policy of a particular school are considered. For practical application a model of the three-level stage of decision-making on the implementation and implementation of the educational policy of schools is proposed. The analysis of school policy changes was carried out in the directions of academic, educational, human resources policy.

The work offers theoretical justifications and practical recommendations for the development and introduction of changes to school policy documents in the period of the COVID-19 pandemic.

Key words: world educational policy, state educational policy, school policy, policy, design.

З. Ельбаева^{1*}, З. Жумажанова²

¹Международный университет информационных технологий, Казахстан, г. Алматы

²КГУ «Средняя школа-гимназия имени Абая», Казахстан, г. Алматы

*e-mail: zari_0988@mail.ru

Проектирование школьной политики в период пандемии COVID-19

В статье приведен краткий обзор и сравнение тенденций развития школьной политики в период пандемии в Казахстане. Актуальность обзора продиктована необходимостью выявления

проблем и снижения негативных эффектов пандемии коронавируса (COVID-19). Частичный или полный переход на дистанционное обучение во время карантина вывёл множество слабых мест систем образования стран мира, но в то же время предоставил новые возможности для их развития. В работе сделан анализ законодательных актов, приказов и инструкций компетентных органов власти Республики Казахстан в сфере образования, направленных на эффективное и инклюзивное преобразование деятельности школ.

По теме исследования проведен обзор трудов отечественных и зарубежных ученых, а также даны примеры. Рассмотрены основные требования, которые должны учитываться при разработке образовательной политики конкретной школы. Для практического применения предложена модель трехуровневого этапа принятия решений по внедрению и реализации образовательной политики школ. Анализ изменений школьной политики осуществлен по направлениям академической (учебной), воспитательной, кадровой политики.

В статье предложены теоретические обоснования и практические рекомендации по разработке и внесению изменений в документы школьной политики в период пандемии COVID-19.

Ключевые слова: мировая образовательная политика, государственная образовательная политика, школьная политика, политика, проектирование.

Кіріспе

Қазіргі таңдағы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында білім сапасын одан әрі жақсартуға байланысты көптеген маңызды тапсырмаларды атап өтті.

Пандемия кезінде адамдардың шынайы өмірдегі қарым-қатынастарын шектеу шарттары, Қазақстан және әлем елдері үшін үлкен сынақ болды. Осы кезеңде дерлік барлық балабақшалар, жалпы орта білім беретін мекемелер, колледждер және университеттер уақытша жабылды. Бұл өз кезеңінде, білім беру саласында болуы мүмкін ең үлкен қиындықтарға негіз болды. Қазір пандемия кезеңі артта қалған тұста, жалпы орта білім беретін мекемелер, университеттердің жаппай қашықтықтан оқыту форматына ауысу, қашықтықтан мектеп саясатын жүзеге асыру тәжірибесін жалпылап өтуге мүмкіндік бар.

COVID-19 дағдарысы кезінде орта білім беру саласында 190-нан астам мемлекеттің орта білім беру жүйесі толық қашықтықтан оқыту форматына көшті. Сәйкесінше, COVID-19 пандемиясы кезінде **әлемдік, мемлекеттік, мектеп білім беру саясатында** үлкен өзгерістер орын алды.

БҰҰ мәлімдеуінше дағдарыс кезіндегі білім беру үрдісінің қашықтықтан оқыту форматына көшу өз кезегінде әлеуметтік жағдайы төмен, білім беру саласында арнайы қажеттілігі бар, тұрақты тұрғын орындары жоқ оқушылардың білімге қолжетімділігіне шектеулердің болуы, ақпараттық технологияларды қолдана алмайтын мұғалімдердің қызметтік барьерлерінің ұлғаюына себеп болған.

Зерттеудің мақсаты Қазақстан және әлем мемлекеттерінің пандемия кезіндегі мектеп сая-

сатын дамытудың тенденцияларына салыстырмалы талдау жасау негізінде, мектеп саясатын жүзеге асыруда (COVID-19) коронавирус пандемия салдарының жағымсыз әсерін азайту.

Зерттеу әдістері салыстыру, талдау. Әлемдік білім беру саясаты деңгейінде БҰҰ зерттеулері негізінде жарияланған «Policy Brief: Education During Covid-19 And Beyond» атты еңбекке талдау жасап, дағдарыс кезінде білім беру үрдісінде туындаған қиындықтарға қысқаша шолу.

Мемлекеттік білім беру саясаты деңгейінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Пандемия кезеңінде білім беру ұйымдарында COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды күшейту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 01 сәуірдегі № 123 бұйрығын, кейінірек 13.04.2020 жылы толықтырулар мен түзетулер енгізілген № 140 бұйрығының мазмұнын зерттеу.

Ғылыми әдебиеттерге шолу

Әлемдік білім беру саясаты деңгейінде аталған дағдарыстан мейлінше ұтымды шығу мақсатында Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау ұйымы (WHO), Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымы (UNESCO), Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар Қоры (UNICEF) өз зерттеулеріне сәйкес, дағдарыс жағдайында білім беру үрдісін қалай ұйымдастыру қажет екеніне байланысты нұсқаулықтар мен ережелерді ұсынды (Policy Brief..., 2020) [1].

Әлемдік білім кеңістігінде орын алып жатқан қиындықтар, Қазақстан білім беру са-

ласында да көрініс тапты. Дегенмен, мемлекет деңгейіндегі білім беру саясатында туындаған күрделі жағдайға сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Пандемия кезеңінде білім беру ұйымдарында COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды күшейту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 01 сәуірдегі № 123 бұйрығын, кейінірек 13.04.2020 жылы толықтырулар мен түзетулер енгізілген № 140 бұйрығы жарияланды. Аталған бұйрық Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы жариялаған пандемия шараларына сәйкес, пандемия кезеңінде COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу үшін Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 12 наурыздағы № 20 қаулысының негізінде жасалынды.


ҚРБЖҒМ «Пандемия кезеңінде білім беру ұйымдарында COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды күшейту туралы» бұйрығының негізгі мазмұнында дағдарыс кезінде білім беру ұйымдары мен білім беру субъектілерінің білім беру саласындағы барлық қызмет түріне нұсаулықтар айқындалып, білім беру үдерісін ұйымдастыру барысында ұстанулары қажет ережелер жақсы жазылған (Пандемия кезеңінде..., 2020) [2].

Сонымен қатар, бұйрықта, Пандемия кезеңінде коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында орта білім беру ұйымдарында қашықтықтан білім беру технологиялары негізінде оқу процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар берілген. Нұсқаулық пандемия кезеңінде білім беру субъектілерінде туындауы мүмкін барлық сұрақтарға жауап ретінде жазылған (Пандемия кезеңінде..., 2020a) [2].

Жоғарыда аталып өткен әлемдік және мемлекеттік деңгейдегі білім беру саясатына сүйене әр мектеп өз деңгейінде пандемия кезеңіндегі білім беруді ұйымдастыру саясатын қалыптастыруы қажет екені ғылыми аксиома.

Мектеп деңгейдегі білім беру саясатында пандемия кезеңіндегі білім беруді ұйымдастырудың негізгі ережелері, ұстанымдары және қашықтықтан білім беру үрдісін ұйымдастырудың әдістемелік нұсқаулықтары (білім платформасы, сабақ жүктемесі, оқыту технологиялары) болуы керек.

Пандемия кезеңіндегі әлемдік, мемлекеттік, мектеп деңгейіндегі білім беру саясатын сурет түрінде бейнелесек.



1-сурет – Пандемия кезеңіндегі әлемдік, мемлекеттік, мектеп деңгейіндегі білім беру саясаты


Педагогика ғылымында тақырыпқа сай жүйелі түрде зерттеулер жүргізіледі. Отандық ғалымдардан білім беру саясаты, мектеп деңгейіндегі білім беру саясаты мәселесін Р.А.Нуртазина, А.А.Нурмағамбетов, А.К.Құсайынов, А.К.Мынбаева, Ш.Т.Таубаева, А.Ә.Булатбаева, А.К.Игибаева, Л.Иватова, Н.Анарбек, З.У.Ельбаева зерттесе, ресейлік ғалымдардан Э.Д.Днепров, И.Д.Фрумина, В.К.Зиньковский, В.В.Кадакин, Н.М. Швецов, Л.Н.Глебова және т.б. зерттеген.

А.Қ. Құсайынов «Білім беру саясаты» мәселесін салыстырмалы педагогика аясында зерттеген. Сонымен қоса, Қазақстанның білім беру саясаты мен Қазақстандағы білім беру саласындағы реформаларды қарастырған. Ғалым «Білім беру деңгейі негізінен экономикалық және ғылыми-техникалық прогрестің бастау көзі, мемлекет пен қоғамның табысты дамуының кепілі. Білім беру саласында кенжелеп қалу елдің бәсекеге қабілеттілігіне, ұлт болашағына және мемлекеттің қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Білім берудің сапасы – қоғамдағы білім беру үдерісінің күйі мен нәтижелігін, оның жеке адамның адамзаттық, тұрмыстық және кәсіби біліктілігін дамытудағы және қалыптастырудағы

қоғам қажеттілігі мен үмітіне сәйкестігін анықтайтын әлеуметтік категория», – деп атап өткен (Құсайынов А.К., 2009) [3].

А.К.Мынбаева, Ш.Т.Таубаева, А.Ә.Булатбаева, Н. Анарбек «Білім беру саясаты: теориялар және тұжырымдамалар, даму стратегиясының тенденциясы» атты еңбектерінде Қазақстан мен шетел мемлекеттеріндегі білім беру саясаты, білім беру жүйесінің жаңа парадигмалары мен білім беру дамуының жаңа тенденцияларын салыстырмалы сипаттаған (Мынбаева А.К., 2014) [4].

Э.Д. Днепров «Білім беру саясаты ғылымда ХХ ғасырдың 80 жылдарында қарастырыла бастады» – деп жазған. Зерттеуде автор «Мектеп саясаты мемлекет тарапынан түрлі ресми және бейресми бірлестіктердің көмегі негізінде мектеп білім сапасын жоғарылатуға бағытталған мақсаттар, заңдар мен принциптер жиынтығын жүзеге асыру» деп қарастырған. Э.Д.Днепров «Төрт Д» тақырыбындағы еңбегінде – білім беру саласындағы деидеологизация, демократизация, диверсификация және децентрализация заңын ұсынып, аталған заңдарды мектеп саясатын басшылыққа алу бірқатар мектептік білім беру мәселелерін шешеді деген идеяны алға қойған.




2-сурет – Э.Д. Днепровтың «Төрт Д» идеясы

Э.Д. Днепровтың «Төрт Д» идеясына сүйене жасалынған суретте қазіргі таңда мектеп саясатының негізгі принциптері ретінде қолданылатын деидеологизация, демократизация, диверсификация және децентрализация теориялары жақсы сипатталған [5] (Днепров Э.Д., 2006).

Ендігі кезекте мемлекеттік білім беру саясатының бір аспектісі ретінде «мектеп саясаты» мәселесін қарастырамыз.

Ғылыми әдебиеттерде «мектеп саясаты» ұғымы екі бағытта сипатталады. Оны сурет түрінде бейнелеп өтсек.



3-сурет – Мектеп саясаты ұғымының екі амал тұрғыда сипатталуы

Суретте көрсетілген екі топ ғалымдарының мектеп саясаты туралы зерттеулеріне тоқталып өтсек.

Les Bell мен Howard Stevenson «Education Policy: Process, Themes and Impact» еңбектерінде мектеп саясатын жүргізу процедуралары, сонымен қоса, мектеп саясатын құрастырудың принциптері мен мектеп саясатының: оқу-әдістемелік саясат, кадрлық саясат, қаржылық саясат атты түрлері кеңінен қарастырылған (Les B., 2006) [5].

Kumar D.D., Scuderi P. «Opportunities for Teachers as Policy Makers» еңбектеріне сәйкес, білім беру саясатын қалыптастыру көбіне үкімет басшылығында отырған тұлғалар құзырлығында деп есептеледі. Мектептік білім беру жүйесінде мектеп саясаты, мектеп әкімшілігі қалыптастырғанымен, мектеп саясатын құрастыруда мектеп мұғалімдері өте сирек қатысады. National Center for Educational Statistics 1994 зерттеуі бойынша мектептің оқу курстарын қалыптастыруда «біздің ойымыз маңызды емес» – деген ойды мұғалімдердің 39% ұстанады екен. Ия, қазіргі таңда мұғалімдердің онсыз да жұмыстары көп, бірақ мұндай мәселеде ең құзырлы тұлғалар қатарына ең бірінші мұғалімдер кіретіні сөзсіз. Мектеп саясатын қалыптастыруда мұғалімдер рөлі ерекше (Kumar D., 2000) [6].

Croll P. өзінің «Teachers and Education Policy Roles and Models» еңбегінде мұғалім практикадағы саясаткер деген тұжырымды ұстанып, мұғалім білім беру саясатында келесідей көрініс табуы мүмкін деп сипаттаған:

Мұғалім – білім беру саясатын өңдеудегі және қалыптастырудағы әріптес;

Мұғалім – білім беру саясатын жүзеге асырушы;
Мұғалім – мемлекеттік білім беру саясатының оппоненті, ол білім беру саласына өзгерістердің енгізілуіне қалайды.

Австралияның қауіпсіз және қолдау мектеп қауымдастықтары жұмыс тобының зерттеулеріне сәйкес, мектептегі саясат мектеп ішіндегі белгілі бір мінез-құлық пен нормаларға қатысты ережелер жиынтығы ретінде анықталады. Мектептегі саясат мектептің күнделікті жұмысына басшылық жасау үшін, оны қауіпсіз және оқуды тиімді орын ету үшін жасалады.

Жоғарыда көрсетілген түрлі ғалымдардың еңбектеріне сүйене, білім беру саясаты, мектеп саясаты әлеуметтік ғылымдар ішінде ең көп талқыланатын, өзекті мәселелер қатарында болғанын, сонымен қоса, қазіргі таңда да өзектілігін жоймағанын және болашақта өзекті болатыны айқындалды.

Оның тағы бір дәлелі, ғалым Э.Д. Днепров тұжырымына сәйкес, елдің мемлекеттік білім беру саясаты және ондағы мектеп саясаты қандай болса ол мемлекеттің білім беру сапасы сондай болмақ. Ал, білім беру сапасы елдің тек әлеуметтік-экономикалық жағдайына ғана емес, сонымен қоса, елдің тұрақты дамуының да негізгі көзі болып табылатыны бәрімізге мәлім.

Мектеп саясатын құрастыру, енгізу және жүзеге асырудың талаптары

Мектептерге арналған саясат пен процедураларды жазу әкімшінің жұмысының бір бөлігі болып табылады. Мектептің саясаты мен процедуралары, негізінен, білім беру ұйымының бас-

қарушы құжаттары болып табылады. Білім беру ұйымының саясаты қазіргі заман талабына сай және заманауи болуы өте маңызды. Білім беру ұйымының кез келген саясаты қажет болған жағдайда (біздің зерттеуімізге сәйкес, пандемия жағдайында) қайта қаралып, мазмұнына түзетулер мен толықтырулар енгізілуі керек.

Мектеп саясатын құжат ретінде рәсімдеу. Кез келген мектепте білім алушыларға, ата-аналарға, мектеп мұғалімдеріне арналған анықтамалар немесе нұсқаулықтар бар. Аталған анықтамалардың ең негізгі мақсаты мектеп кеңістігінде білім беру субъектілері оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер қандай ережелерді ұстануы керек, өз іс-әрекеттерінде қандай принциптерді басшылыққа алулары керек, мәселелік жағдайларда қалай іс-әрекет жасалуы керек және т.б. нұсқаулықтармен таныстыру болып табылады. Нақты осы, яғни, мектептің білім беру кеңістігінде жағымды психологиялық ахуал қалыптастырып, мектептің білім сапасын жоғарылатуға мүмкіндік беретін ережелер мен принциптер сипатталатын құжатты мектеп саясаты деп атайды. Мектеп саясаты мектептің күнделікті өмірінде өте маңызды болып есептеледі, себебі, мектептік саясат аясында қарастырылған кез келген мәселе конструктивті түрде шешімін тауып отырады. Мектептік саясаты әдеби тұрғыда жарығы бар бөлме ретінде сипаттауға болады. Себебі, жарық бар бөлмеде біз не бар екенін, бөлмеде біз не жасай алатынымызды және не жасауға болмайтынын нақты білеміз. Әдеби тұрғыда салыстырмалы сипатталған мектептік саясат қаншалықты анық және жан-жақты болса, мектептің білім беру субъектілері өз іс-әрекеттері мен мүмкіндіктерін, міндеттерін, жауапкершіліктерін соншалықты жақсы білетін болады деген тұжырым жасауға болады. Мектеп саясаты мектептің білім беру үрдісін демократияландыруға, білім беру үрдісінің ашық болуына тікелей ықпал етеді. Мұнда, демократия «заңның үстемдігі» ретінде сипатталып мектеп кеңістігіндегі іс-әрекеттерді реттеуде, мектепті басқарудың ашықтығында көрініс табады. Мектепте мұндай жағдайдың жасалуы, оқушыларды заңды сақтауға үйретеді және олардың бойында азаматтық ұстанымдарының қалыптасып дамуына мүмкіндік береді.

Мектептік саясат арнайы бір мектепке, соның ішінде мектеп қоғамдастығының әр бөлшегіне – оқушыларға, ата-аналарға, мұғалімдерге,

қосымша қызметкерлерге және т.б. бағыттталып арнайы жазылады. Сонымен қоса, мектептік саясатын жазу барысында мектептің әр деңгейін (бастауыш мектеп, орта немесе негізгі мектеп және жоғары сынып оқушыларына арналған) ескере жазған дұрыс. Әр мектепке мектептік саясатын жазу алдында мектепке SWOT немесе талдаудың басқа да түрлерін жүргізіп, мектептің бастапқы ахуалы мен болашақ перспективасын анықтап алу керек. Талдау ақпараттарына сүйене мектептің жалпы философиясын, мектеп саясатын құрастырып, құжат ретінде бекіту керек.

Мектеп саясаты түсінікті әрі нақты болуы. Мектеп саясаты ақпараттық қызметті атқаратындықтан, ондағы барлық ақпараттар қысқа және түсінікті жазылуы керек. Мектеп саясаты логикалық құрылымы бар, уақыт талабына жауап беретін, мектептегі жағымды психологиялық ахуалды сақтауға көмек беретін құжат. Кез келген мектептің мектеп саясаты уақыт талабына сәйкес өзгертіліп, жаңартылып отырады. Мысалы, Қазақстан мектеп саясаты 2-3 жыл жиілігімен жаңартып отырса, шетел мемлекеттерінде, соның ішінде Ұлыбритания корольдігінің мектептерінде, мектептің ресурстық саясаты әр жыл сайын өзгертіледі. Ұлыбритания мектептерінің әкімшілігі мектептің ресурстық саясатына жыл сайын өзгеріс енгізілуінің себебін, техниканың қарқынды дамуымен сипаттайды. Қазақстан мектептерінде қазіргі таңға дейін мектептің ресурстық, қаржылық, денсаулық сақтау саясаттары жетілдіруді қажет етеді. Мектептің жалпы саясаты 2-3 жылда бір рет қарастырылатын болса, мектептің оқулық, тамақтану, қаржылық саясаты әр жылы қарастырылғаны дұрыс. Мектеп саясатының кез келген аспектісін жаңарту уақыт және заман талабына сәйкес қажет кезде ғана жаңарту керек, кез келген жаңа өзгеріс ескі саясат ережесіне сәйкес енгізілуі керек. Кез келген мектеп саясаты жазылғаннан немесе жаңартылғаннан кейін, жаңа оқу жылы басталмастан бұрын алдын ала енгізілуі керек.

Мектеп саясатын құрастыру мен жаңарту тәртібі. Мектептік саясат заман талабына, яғни, мемлекет деңгейіндегі мектептік саясат аясында енгізілген өзгерістерге немесе жеке мектептік статус жағынан өзгеріс енгізгенде немесе мектептің басқарылу құрылымының өзгеруіне байланысты, нақтырақ айтқанда, қажеттілік туғанда жазылуы, өзгертілуі керек.

Оқушылардың жүріс-тұрыстарына немесе оқу үрдісі барысындағы тәрбие саясаты әр жылы жаңартылып тұрғаны дұрыс. Тәрбие саясатында оқушылардың мадақталатын іс-әрекеттерінің де, жазаланатын іс-әрекеттерінің де нақты айқындалған стратегиясы болуы керек. Мектептік саясаттың кез келген аспектісі жазылу немесе жаңартылуы мектептің жалпы саясаты немесе философиясына сәйкес жасалуы керек. Сонымен қоса, жазылған немесе жаңартылған саясат мектептік әкімшілігі тарапынан толық расталғаннан кейін, белгілі бір уақытта ғана енгізілгені дұрыс. Көптеген шетел мемлекеттері (Ұлыбритания, АҚШ) мектептері кез келген мектептік саясатын жаңа оқу жылынан бастап енгізетіні мәлім (Ельбаева З., 2018; Мынбаева А.К.&Ельбаева З., 2018) [7-8].

Мектеп саясатын құрастыру және жүзеге асыру кезеңдері. Les Bell мен Howard Stevenson атты ғалымдардың «Білім беру саясаты: үдеріс, тақырыптар, әсерлер» (Education Policy: Process, Themes and Impact) еңбегіне сүйене, кез келген мектеп саясаты ұйымның білім беру кеңістігіне енгізер алдында төмендегі 3 кезеңнен өтуі керек. Олар:

– *ұйымдастыру кезеңі:* мұнда мектептің жазылып немесе жаңартылып жатқан саясаттың ең негізгі идеялары жинақталып ол мектептің әкімшілігіне ұсынылады, мектеп әкімшілігі идеяны растағаннан кейін толық логикалық құрылымы бар саясат жазылады. Бірінші кезең SWOT-талдау және талдаудың басқа түрлеріне сәйкес білім беру саласының қазіргі жәй күйін, ал біздің зерттеу тақырыбымызға сәйкес мектептің бастапқы қалпын: оның бәсекелестік артықшылықтарын, мектептің даму перспективарын анықтау және осы жиналған ақпараттарға сүйене мектептің даму бағытын анықтауды көздейді. Бұл кезең Қасым-Жомарт Тоқаевтың «мемлекетіміз білім беру саласында қандай жетістікке жетті, қайда келдік, неге қол жеткіздік?» алдымен осыларға баға беріп алуымыз керек, – деген ойына сәйкес келеді. Дайын саясатты қайта мектеп әкімшілігі мен мектеп басшыларына ұсынады, расталған мектеп саясатын, келесі деңгейге, яғни, түсіндіру деңгейіне өткізіледі;

– *түсіндіру кезеңі:* Мектеп әкімшілігі тарапынан айқындалған мектеп саясатын, мектеп субъектілеріне – оқушыларға, ата-аналарға, мұғалімдерге жан-жақты түсіндіру, идеяның іске асырылу ережелері мен принциптерін түсіндіру үдерісі. Екінші кезеңде ақпараттық кезең, яғни ҚР білім беру саласында болжамданған реформаны ҚР білім беру субъектілеріне түсінтіру, талқылау, бекіту. Қасым-Жомарт Тоқаев сөзіне сәйкес, білім беру саласында ақпаратты қызметті ұлғайту. Біздің зерттеу тақырыбымызға сәйкес, мектеп саясатының ережелері мен идеяларын оқушыларға, ата-аналарға, мұғалімдерге таныстыру, тақылау және нақтылау, құжат түрінде бекіту;

– *жүзеге асыру кезеңі:* мектеп субъектілері тарапынан қолдау тапқан мектеп саясатын білім беру үдерісіне енгізу. Үшінші кезеңде реформаның жүргізілу барысын бағалау, қажет жағдайда өзгеріс енгізу. Біздің зерттеуімізге сәйкес, мектеп саясатын мектептің оқу-тәрбие үрдісінде қолдану барасын бағалау, қажет жағдайда өзгеріс енгізу. Өзгеріс енгізудің арнайы ережелерін сақтау. Өзгеріс уақыты мектептің демалыс уақытында жүргізіліп, мектеп субъектілеріне танытырылып, мектептің жаңа оқу жылынан бастап енгізілуі.

Ғалымдар еңбектерінде мектептік саясат әр мектепте өзіндік сипатта жазылатыны және жүзеге асырылатыны сипатталған, дегенмен, біздің ойымызша, кейбір мектептер мектептік саясатты жазу мен оны жүзеге асыру барысында бұл кезеңдердің барлығын есепке алмайды.

Нәтижелер мен талдау.

Мектеп саясатын жобалау

Мақаланың кіріспе бөлімінде сипатталған ҚРБЖҒМ Пандемия кезеңінде білім беру ұйымдарында, COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды күшейту туралы бұйрығының жалпы орта білім беру жүйесіне қатысты бұйрық пункттерінің мектеп деңгейінде мектеп саясатының қандай түрлерінде көрініс табуы мүмкін екенін болжамды түрде кесте ретінде сипаттап өтсек (Колесникова, 2005) [10].

1-кесте – Мектеп саясатын жобалау

Пандемия кезеңінде білім беру ұйымдарында, COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды күшейту туралы бұйрықтың жалпы орта білім беру жүйесіне қатысты бұйрық пунктері				
1	2	3	4	5
Тәрбие саясаты	Әдістемелік саясат	Оқу саясаты Оқу жүктемесі, бағалау ерекшелігі	Материалдық не- месе қаржылық саясат	Мектептің ақпараттық са- ясаты
<p>1) оқу-тәрбие қызметін жүзеге асыратын білім беру ұйымдары, оның ішінде интернаттарда, жатақханаларда санитариялық-эпидемиологиялық және алдын алу іс-шараларын күшейту бойынша шаралар қабылданын;</p> <p>2) ағымдағы жылғы 2020 жылдың 13 наурыздан бастап бұқаралық іс-шаралар өткізуге тыйым салсын (мерекелік, концерттік, мәдени, спорттық іс-шаралар, конференциялар, семинарлар, көрмелер өткізу және т. б.);</p> <p>3) білім алушылардың және тәрбиеленушілердің халықаралық спорттық, мәдени, туристік іс-шараларға шығуына тыйым салсын;</p>	<p>4) жұмыста осы бұйрыққа қоса берілген Әдістемелік ұсынымдарды пайдалансын, бұл ретте білім беру қызметін көрсету туралы шарттарда, білім беру ұйымдарының жарғыларында және басқа да ішкі актілерінде бекіту мүмкіндігін, осы Әдістемелік ұсынымдарда көзделген білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін қарастырсын;</p> <p>16) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалану кезінде заңнамаға және Әдістемелік ұсынымдарға сәйкес бірыңғай бағдарламалар мен тәсілдерді қамтамасыз етсін;</p> <p>26) қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалана отырып оқытуды сапалы ұйымдастыру және қамтамасыз ету басқарма басшыларының орын-басарларына, білім бөлімі басшыларына, мектеп директорларына жүктесін</p>	<p>7) орта білім беру ұйымдарында көктемгі демалыстың ұзақтығы - 21 күн (2020 жылғы 16 наурыздан бастап 5 сәуірді қоса алғанда) болып белгіленсін;</p> <p>8) көктемгі демалыс уақытында педагогтерге қашықтық режимінде (білім беру ұйымынан тыс) жұмыс істеу мүмкіндігін қамтамасыз етсін;</p> <p>9) орта білім беру ұйымдарында 1-11(12)сыныптарда, оның ішінде «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ-да, халықаралық және жеке меншік орта білім беру ұйымдарында қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалана отырып, 2020 жылғы 6 сәуірден бастап төртінші тоқсанның басынан бастап заңнамада белгіленген тәртіппен оқытуды ұйымдастыруды қамтамасыз етсін (келісім бойынша);</p> <p>10) сабақ кестесі мектепалды даярлық сыныптарына, 1-9 сыныптарға сағат 8.30-дан, 10-11 сыныптарға сағат 14.00-ден дүйсенбіден жұманы қосқанда 30 минутқа дейінгі аралықта жасалсын;</p> <p>11) 2020 ж. 1 сәуірде мектепалды даярлық сыныптарына, 1-9 сыныптарға сағат 9.00-ден, 10-11 сыныптарға сағат 14.00-ден сынама сабақтар өткізілсін;</p> <p>12) 2020 ж. 2 сәуірде сағат 10.00-де мектепалды даярлық сыныптар, 1-4 сыныптар, сағат 12.00-де 5-9 сыныптар, сағат 14.00-де 10-11 сыныптар ата-аналары үшін «Біздің мектепте қашықтан оқыту қалай жүргізіледі?» жиналысы өткізілсін;</p> <p>13) 2020 ж. 3 сәуірде сағат 10.00-де мектепалды даярлық сыныптар, 1-4 сыныптар, сағат 12.00-де 5-9 сыныптар, сағат 14.00-де 10-11 сыныптар үшін «Мен қашықтан қалай оқимын?» «Өзіңді вирустық аурулардан қалай сақтауға болады?» сынып жиналысы өткізілсін;</p> <p>28) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, оқу бағдарламаларын, үлгілік оқу жоспарларын орындауды қамтамасыз етсін, сағаттарды қысқартуға жол бермесін, бекітілген штаттық кестеге (тарификациялық тізімге) сәйкес педагогтердің еңбек ақысын төлеуді қамтамасыз етсін;</p>	<p>15) заңнамада белгіленген тәртіппен қашықтықтан білім беру технологиясы кезінде білім беру процесіне қатысушылар үшін жағдай жасау (білім беру ұйымдарының балансынан педагогтер мен ата-аналардың 331.03.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0) Электрондық құжаттың көшірмесі. Материалдық жауапкершілігіне беру, сондай-ақ компьютерлерді, ноутбуктар, планшеттерді сатып алу, флеш-карталар, мобильді қосымшалар және басқа да құралдар арқылы жеткілікті жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету) бойынша қажетті шаралар қабылдасын, бұл ретте атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардан шыққан балаларға, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға ерекше назар аударсын;</p>	<p>17) қашықтықтан білім беру технологиялары негізінде оқу процесін ұйымдастыру бойынша білім алушылар, ата-аналар, жұртшылық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейтсін;</p>
<p>Жоғарыда көрсетілген бұйрық пунктері, бұйрықтың «Пандемия кезеңінде коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында орта білім беру ұйымдарында қашықтықтан білім беру технологиялары негізінде оқу процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» бөліміндегі ақпараттарға сүйене мектеп саясатының келесі бағыттарында ашық, жан-жақты сипатталуы, құжат ретінде мектептің интернет прарақшасында бейнеленуі</p>				

1	2	3	4	5
Тәрбие саясаты	Әдістемелік саясат	Оқу саясаты Оқу жүктемесі, бағалау ерекшелігі	Материалдық немесе қаржылық саясат	Мектептің ақпараттық саясаты
- мектептің тәртіп саясаты – оқушы іс-әрекетіне (мектептің талаптарын құрметтеу, сабақтарға қатысу, мектепте және мектептен тыс кездегі жүріс тұрысы, зиянды заттарды қолдануы, мектептік білім беру кеңістігінде ұялы телефон мен құнды заттарды қолдану, ақша қолдану) қойылатын ережелер мен нормалардың жиынтығын бейнелейтін құжат.	әдістемелік саясат: білім беру бағдарламаларын әдістемелік қамтамасыз ету; педагогтардың кәсіби шеберліктерін жоғарылату, педагогтардың жаңа оқу технологияларын қолдану құзыреттіліктерін нығайту мәселелерін қамтиды (Т.Реган).;	оқу саясаты: мектептің білім беру бағдарламасын қалыптастырудағы идеялар мен заңдылықтар жиынтығын сипаттайтын құжат. Оқу саясаты аясында білім беру мазмұны, оқушылардың апталық, жылдық оқу жүктемелері қарастырылады (Т.Реган);	дистрибутивтік/ресурстық саясат: мектептің нақты мәселелерін шешуге бағытталатын қаржылық саясаттың жалпы тұжырымдамасын жасау; қалыпты қаржылық механизмдерін қалыптастыру; мемлекеттік қаржыны және жеке меншік ұйымдар тарапынан берілетін қаржыны басқару және т.б. қарастырған (Т.Реган).	

Кестенің жоғары бөлігінде, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Пандемия кезеңінде білім беру ұйымдарында COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды күшейту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 140 бұйрығының мазмұны көрсетілсе, төменгі жағында болжамды түрде аталған бұйрық мазмұнының әр мектептің өз деңгейінде қалай жүзеге асырылуы мүмкін екені сипатталған. Мұндағы ерекше ескерілетін жағдай, мемлекеттік білім беру саясатының, мектеп саясатында жүзеге асырылуы әр мектеп деңгейінде, мектеп әкімшілігінің, білім беру субъектілерінің (мұғалімдер, ата-аналар) қатысуымен, мектептің өзіндік ерекшеліктерін ескере (мектептің әлеуметтік, материалдық жағдайына SWOT талдау, білім беру субъектілерінің сұраныстары мен ұсыныстарын ескеру) білім беру саясатын құрастыру, түзетулер енгізу және оны құжат ретінде бекіту қажет. Жоғарыда аталған талаптарды ескере жазылған мектеп саясаты қазіргі таңда білім беру кеңістігінде орын алып жатқан көптеген түсініспеушіліктердің алдын алған болар еді. Оның негізгі себебі, дұрыс құрастырылған мектеп саясаты білім беру үрдісі субъектілерінің (оқушы, ата-ана, мұғалім) оқу барысында туындауы мүмкін барлық сұрақтарына жауап ретінде сипатталады (Леньков, 2013) [11].

Қорытынды

COVID-19 пандемия кезінде Қазақстанның дерлік барлық мемлекеттік және жеке меншік мектептері білім беру үрдісі, білім беру саясатында енгізілген өзгерістерді есепке алып ұйымдастырылды. Дегенмен, пандемия кезеңінде интернет желісінде бар Алматы қаласы мектеп парақшаларына жүргізілген контент талдау нәтижесі, сол кезде мектептер аталған өзгерістерді мектеп субъектілеріне айқындайтын нұсқаулық, құжат ретінде тіркемегені анықталды.

COVID-19 пандемия кезінде Қазақстан Республикасының Министрлік тарапынан ұйымдастырылған ең тиімді шаралардың бірі, телеарнада жаппай оқушыларға қолжетімді онлайн сабақтардың көрсетілуі болды. Мұнда ерекше маңыздысы онлайн сабақтарды барлық сыныптар үшін, сол кезеңде Қазақстанда ең үздік деп танылған мұғалім жүргізген. Әрине бұл өз кезегінде, тәжірибе жинаушы жас мамандарға, **оқушылар** және ата-аналар үшін үлкен көмек болды.

Зерттеу нәтижесі, пандемия кезеңінде Қазақстан мектеп саясатының күшті және әлсіз тұстарына келесілерді жатқызуға мүмкіндік берді.

Күшті тұстары:

- басқарудағы жеделділік пен ұтқырлық;

– төтенше жағдайында мемлекет тарапынан дағдарыстан тез шығуға арналған, тікелей дағдарысты басқару жүйесінің болуы;

– жаңа ақпараттық ресурстарды, яғни, теледидар, телефон бағдарламалары, интернет желісін ұтымды пайдалану;

– теледидардың, цифрлық платформалардың, «Кунделик» бағдарламасының, ватсап және т.б. ресурстарды пайдалану;

– мұғалімдер жалақысын сақтау, мектептерде балалар контингентін сақтау, сонымен қатар білім алушыларға маральді (тегін психологиялық көмек), материалды (жағдайы төмен, көп балалы отбасыларға тегін компьютер, планшет таратуы) көмек көрсету;

– оқушылардың жауапкершілігін және олардың дербестігін күшейту және т.б.

Әлсіз тұстары:

– білім беру сапасының төмендеуі, оқушылардың білімді меңгеру тиімділігінің төмендеуі;

– білім беру субъектілерінен мұғалім, ата-ана, оқушының қашықтықтан оқу жүйесіне көшуге дайындығының төмендігі;

– білім беру үрдісіне қажетті АКТ жеткіліксіздігі;

– интернет сапасының төмендігі, әсіресе ауылдық жерлерде, кері байланыстың әлсіздігі және оның мұғалімдер үшін шығындылығы;

– мұғалімдердің балаларға арналған тапсырмаларды әдістемелік әзірлеу және тексеру бойынша жүктемелеріне байланысты біліктіліктерінің төмендігі;

– мұғалімдерді Қашықтықтан оқытудың жаңа әдіснамасына үйрету қажеттілігі (бұл салыстырмалы түрде тізе бүгіп, сапалы дидактикалық дизайн үшін ұзақ уақытты қажет етеді);

– мұғалімдер мен оқушылар үшін сабақты модельдеудің алдыңғы қатарлы отандық цифрлық платформаларының болмауы және т.б.

Зерттеуімізде жазып өткеніміздей, COVID-19 коронавирус пандемиясы XXI ғасырдағы мемлекет пен қоғам дамуының стратегиялық ресурсы болып табылатын білім саласына үлкен зардабын тигізді. Дегенмен, әлемдік, мемлекеттік және әр мектеп деңгейінде ұтымды ұйымдастырылған білім беру саясаты, COVID-19 коронавирус пандемиясының білім беру сапасына тигізуі

мүмкін кері әсерлерді мейлінше азайтуда. Мысалы әлемдік деңгейдегі білім беру саласындағы ДДСҰ пандемия шаралары, UNESCO, UNICEF дағдарыс жағдайында білім беру үрдісін ұйымдастыруға бағытталған нұсқаулықтар мен ережелері түрлі елдердің білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттарын нақылауға оң септігін тигізді.

COVID-19 коронавирус пандемиясы кезінде әр мектеп Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Пандемия кезеңінде білім беру ұйымдарында COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды күшейту туралы» бұйрығына сәйкес өзінің мектеп саясаттарын жаңартып отыруы тиіс.

Мектеп саясатын жаңарту барысында біз келесі нұсқаулықтарды басшылыққа алуды ұсынамыз:

- мектеп саясатын құрастыру, жаңарту барысында мемлекеттік білім беру саясатының құжаттарын басшылыққа алу;

- мектеп саясатын құрастыруда, мектеп әкімшілігі, білім беру субъектілері (мұғалімдер, ата-аналар) қатысуы;

- мектеп саясатын құрастыруда, мектептің өзіндік ерекшеліктерін (мектептің әлеуметтік, материалдық жағдайына SWOT талдау, білім беру субъектілерінің сұраныстары мен ұсыныстарын ескеру) ескеру;

- мектеп саясатында ақпараттық қызметті ұлғайту. Яғни, мектептік саясатында күтілетін саяси өзгерістермен білім беру субъектілерін жүйелі және жан-жақты таныстыру жұмыстарын ұйымдастыру;

- мектеп саясатын құжат түрінде бекітіп, мектептің оқу тәрбие үрдісінде қолдану;

- құжатта сипатталған мектеп саясатының мазмұны түсінікті әрі нақты болуы;

- мектеп саясатын құрастыру, түзетулер енгізу және оны жүзеге асыру барысында L.Bell мен H. Stevenson зерттеулеріне сәйкес үш кезеңнен, яғни, ұйымдастырушылық, түсіндіру және іске асыру кезеңдерінен кейін енгізу.

COVID-19 коронавирус пандемиясының зардаптарынан кейін, білім беру үрдісі қалыпқа келтіру, түзету жұмыстарын қажет етуде.

Әдебиеттер

1. *Policy Brief: Education During Covid-19 And Beyond* // URL: https://www.un.org/development/desa/dspd/wp-content/uploads/sites/22/2020/08/sg_policy_brief_covid-19_and_education_august_2020.pdf

2. «Пандемия кезеңінде білім беру ұйымдарында COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды күшейту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі № 123 бұйрығына толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 сәуірдегі № 140 бұйрығы// URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33648924#pos=0;0
3. Құсайынов А.К., Булатбаева А.А. Білім беру саясаты: салыстырмалы талдау. – Алматы: «ROND & A» баспасы, 2009. – 116 б.
4. Мынбаева А.К., Таубаева Ш.Т., Булатбаева А.А. Образовательная политика: теории и концепции, тенденции стратегии развития. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 227 с.
5. Днепров Э.Д. Образование и политика: В 2 т. – М., 2006. – Т. 2. – 520 с.
6. Les B., Howard S. Education Policy: Process, Themes and Impact. – London and new york: Routledge Taylor &Francis Group, 2006. – 201 p.
7. Kumar D.D., Scuderi P. Opportunities for Teachers as Policy Makers // Kappa Delta Pi Record. – 2000. – Vol. 36. – №2. – P. 61-64.
8. Ельбаева З.У. Қазақстан және Оңтүстік Корея мемлекеттеріндегі мектептік саясаттың дамуы: салыстырмалы аспект, дис. – Алматы, 2018 – 157 б.
9. Мынбаева А.К., Ельбаева З.У. Школьная политика: определение структуры и прогноз развития // Вестник КазНУ. Серия педагогическая. – 2018. – Т. 54. – №. 1. – С. 11-21.
10. Колесникова И. А., Горчакова-Сибирская М. П. Педагогическое проектирование. – М., 2005. – 192 с.
11. Леньков Р. В. Социальное прогнозирование и проектирование. – 2013. – 192 с.

References

- Dneprov E.D.(2006) Obrazovaniye i politika[Education and Policy].Vol. 2, 520 p. (in Russian)
- Les B., Howard S.(2006) Education Policy: Process, Themes and Impact.-London and New York: Routledge Taylor &Francis Group, 201 p.
- Kumar D.D., Scuderi P.(2000) Opportunities for Teachers as Policy Makers. Kappa Delta Pi Record. Vol. 36, No 2. P. 61–64.
- Kolesnikova I. A., Gorchakova-Sibirskaya M. P.(2005) Pedagogicheskoye proyektirovaniye[Educational design],Moscow, 192 p. (in Russian)
- Kussainov A.K., Bulatbayeva A.A.(2009) Bilim beru sayasaty: salystyrmaly taldau[Education policy: a comparative analysis]. Almaty: «ROND & A» publishing house, 116 p. (In Kazakh)
- Len'kov R. V. (2013)Sotsial'noye prognozirovaniye i proyektirovaniye[Social forecasting and design],192 p.(in Russian)
- Mynbaeva A.K., Taubayeva Sh.T., Bulatbayeva A.A.(2014) Obrazovatel'naya politika: teorii i kontseptsii, tendentsii strategii razvitiya [Educational policy: theories and concepts, development strategy trends].Almaty.Kazakh University. 227 p. (in Russian)
- MYNBAYEVA, A.; YELBAYEVA, Z. School Policy: Definition of Structure and Development. **Journal of Educational Sciences**, [S.l.], v. 54, n. 1, p. 11-21, aug. 2018. ISSN 2520-2650. Available at: <<https://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz/index.php/1-ped/article/view/485>>. Date accessed: 20 sep. 2022. (in Russian)
- Pandemiya kezeñinde bilim beru uyymdarında COVID-19 koronavirustıq infekciyanıń taralwına jol bermew jöñindegi şaralardı küşeytw twralı» Qazaqstan Respwblıkası Bilim jäne ğılım mınıstriniń 2020 jılǵı 1 säwirdegi № 123 buyırǵına tolıqtırw engizw twralı Qazaqstan Respwblıkası Bilim jäne ğılım mınıstriniń 2020 jılǵı 13 säwirdegi № 140 buyırǵı// URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33648924#pos=0;0[Order No. 140 of April 13, 2020 of the Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan on adding to the order No. 123 of the Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan dated April 1, 2020 “On strengthening measures to prevent the spread of the COVID-19 coronavirus infection in educational organizations during the pandemic”// URL:https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33648924#pos=0;0](in Kazakh)
- Policy Brief: Education During Covid-19 And Beyond* // URL:https://www.un.org/development/desa/dspd/wpcontent/uploads/sites/22/2020/08/sg_policy_brief_covid-19_and_education_august_2020.pdf
- Yelbayeva Z.U. (2018)Qazaqstan zhane Ongtustik Koreya memleketterindegi mekteptik sayasattıń damuy: salystyrmaly aspekt,dis. [Development of school policy in Kazakhstan and South Korea: a comparative aspect], Almaty, 157p. (in Kazakh)